

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі органдары қызметкерлерінің формалы киімінің, аяқ киімінің және жабдықтау заттарының тізбесін және оларды киіп жүру ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 20 қыркүйектегі N 1037 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 294 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.30 № 294 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мыналар бекітілсін:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі органдарының қызметкерлеріне арналған формалы киімдер тізбесі N 1 қосымшаға сәйкес:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі органдарының қызметкерлеріне формалы киімдер мен аяқ киімді тегін беру нормасы N 2 қосымшаға сәйкес;

кластық шендер берілген Қазақстан Республикасының салық қызметі

органдарының қызметкерлеріне арналған айырым белгілерінің сипаттамасы N 3 қосымшаға сәйкес;

Қазақстан Республикасының салық қызметі органдары қызметкерлерінің формалы киім мен аяқ киім бұйымдарын киіп жүру ережелері N 4 қосымшаға сәйкес.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі формалы киімді тігуге өтінімдер беруді және онымен салық қызметі қызметкерлерін норма бойынша қамтамасыз етуді ұйымдастырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 20 қыркүйектегі
N 1037 қаулысына
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің

салық қызметі органдарының қызметкерлеріне арналған
формалы киімдердің
Тізбесі

Салық қызметінің Бас мемлекеттік кеңесшісінің және
қалалық қызметінің I, II, III дәрежелі мемлекеттік
кеңесшілеріне арналған киім
формалары

1. Салтанатты-біркиер киім формасы (ерлерге)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген алтын түсті кокардасы бар, төбесі ашық-көгілдір түсті шұғадан көмкеріліп, сұр түсті қара көлден жасалған папах.

Ашық-көгілдір түсті жиегі бар және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген көк оқалы, алтын түсті кокардалы, әрі күнқағарында, өрмелі бауында, жиегінде алтын жіптен тігісі бар жүннен жасалған ақ түсті фуражка.

Қайырмасында петлицасы және петлица белгілері бар, көк көмкермелі, қос қаусырмалы сұр түсті маусымдық пальто. Тігілуі жекелей.

Сұр түсті аралас матадан тігілген қос қаусырмалы жазғы плащ (пальто). Тігілуі жекелей.

Жағасы, петлицасы және петлица белгілері бар қайырмасы алтын жіппен тігістелген көк көмкермелі, қос қаусырмалы ақ пиджак. Тігілуі жекелей.

Бос жіберілетін көк түсті көмкермесі және лампасы бар шалбар. Тігілуі жекелей.

Күңгір-сұр түсті галстугы бар ақ түсті жейде.

Ақ түсті кашне.

Ақ түсті былғары қолғап.

Шевролы туфли.

2. Салтанатты-біркиер форма (әйелдерге)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген алтын түсті кокардасы бар, төбесі ашық-көк түсті шұғадан сұр түсті қаракөл кубанка.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген алтын түсті кокардасы, алтын жіптен тігістігі бар, көк көмкермелі ақ берет.

Қайырмасында петлицасы және петлицалық белгілері бар, қос

қаусырмалы маусымдық сұр түсті пальто. Тігілуі жекелей.

Сұр түсті аралас матадан тігілген қос қаусырмалы жазғы плащ (пальто). Тігілуі жекелей.

Жағасы, петлицасы және петлица белгілері бар қайырмасы алтын жіппен тігістелген, көк көмкермелі, қос қаусырмалы ақ пиджак. Тігілуі жекелей.

Сұр түсті юбка. Тігілуі жекелей.

Петлицасы, петлица белгілері бар көгілдір түсті матадан тігілген көйлек. Тігілуі жекелей.

Ақ жейде күңгірт көк түсті галстукпен.

Ақ түсті кашне.

Ақ түсті былғары қолғап.

Жабық шевро туфли.

3. Күнделікті киім формасы

Папаха, кубанка, салтанатты-біркиер киім формасындағыдай.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген алтын түсті кокардасы, жиегінде, күнқағарында және өрмелі бауында алтын жіптен тігісі бар ашық-көк жиекті күңгірт сұр түсті фуражка.

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген кокардасы бар, көк көмкермелі күңгірт сұр түсті берет.

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген кокардасы бар көк көмкермелі сұр түсті пилотқа.

Қайырмасында петлицасы және петлица белгілері бар, көк көмкермелі, қос қаусырмалы күңгірт сұр түсті маусымдық пальто. Тігілуі жекелей.

Күңгірт-сұр түсті аралас матадан тігілген қос қаусырмалы жазғы плащ (плащ)
Т і г і л у і ж е к е л е й .

Табиғи мех астарлы, көгілдір түсті қаракөл жағалы, күңгірт сұр матадан тігілген куртқа-бушлат. Тігілуі жекелей.

Петлицасы және петлица белгілері бар, көк көмкермелі күңгірт сұр түсті қос қаусырмалы пиджак. Тігілуі жекелей.

Көк көмкермелі күңгірт сұр түсті шалбар. Тігілуі жекелей.

Күңгірт сұр түсті юбка. Тігілуі жекелей.

Петлицасы және петлица белгілері бар, күңгірт-сұр түсті қос қаусырмалы пиджак. Тігілуі жекелей.

Ақ және көгілдір түсті жейде (блузка) күңгірт көк түсті галстукпен.

Петлицасы және петлица белгілері бар бозғылт түсті көйлек. Тігілуі жекелей.

Сұр түсті шарф.

Күңгірт сұр түсті қолғап.

Әйелдердің қыстық қысқа шевро етігі.

Ерлердің қыстық шевро етігі.

Ерлердің шевро туфлиі. Әйелдердің жабық шевро етігі.

Жартылай жүн ұйық.

"Эластик" колготкиі.

Жартылай жүн колготкиі.

Күңгірт-сұр түсті белдік.

Петлицалар, айырым белгілері (жұлдыздар), кокарда, түймелер.

Салық қызметінің I, II, III дәрежелі кеңесшісіне және салық қызметінің I, II және III дәрежелі инспекторына арналған киім формалары (ерлерге)

Салық қызметінің I дәрежелі кеңесшісі үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген алтын түсті кокардасы бар төбесі ашық-көк түсті шұғадан сұр қаракөл папаха.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген кокардасы бар, қой терісінен көгілдір түсті мех құлақшын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген

алтын түсті кокардасы, күнқағарында өрмелі бауы бар, ашық-көк жиекті, көк көмкермелі күңгірт сұр түсті фуражка.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген алтын түсті кокардасы бар, көк көмкермелі күңгірт сұр түсті пилотка.

Петлицасы және петлица белгілері бар, қос қаусырмалы маусымдық пальто.

Күңгірт сұр түсті аралас матадан тігілген плащ (пальто).

Петлицасы және петлица белгілері бар күңгірт сұр түсті, қос

қаусырмалы пиджак.

Табиғи мех астарлы, көгілдір түсті мех жағасы, күңгірт сұр матадан куртка-бушлат.

Бос жіберілетін, көк көмкермесі бар, күңгірт сұр матадан шалбар.

Ақ және көгілдір түсті жейде, күңгірт сұр түсті галстукпен.

Қара былғарыдан қыстық қысқа етік.

Қара түсті былғарыдан ерлер туфлиі.

Сұр түсті шарф.

Сұр түсті жүн қолғап.

Жартылай жүн ұйық.

Күңгірт сұр былғарыдан белдік.

Петлицалар, айырым белгілері (жұлдыздар), кокарда, түймелер.

Салық қызметінің I, II, III дәрежелі кеңесшісіне
және салық қызметінің I, II және III дәрежелі инспекторына
арналған киім формалары (әйелдерге)

Салық қызметінің I дәрежелі кеңесшісі үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген алтын түсті кокардасы бар, төбесі ашық-көк түсті шұғадан, сұр қаракөл кубанка.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген алтын түсті кокардасы бар қой терісінен сұр түсті мех берет.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген алтын түсті кокардасы бар көк көмкермелі күңгірт сұр түсті телпек.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген алтын түсті кокардасы бар, көк көмкермелі күңгірт сұр түсті пилотка.

Петлицасы және петлица белгілері бар күңгірт сұр түсті маусымдық пальто.

Күңгірт сұр түсті аралас матадан плащ (пальто).

Петлицалары және петлица белгілері бар көк көмкермелі күңгірт сұр түсті матадан тігілген пиджак.

Табиғи мех астарлы, көгілдір мех жағалы күңгірт сұр түсті матадан тігілген куртка-бушлат.

Күңгірт сұр түсті юбка.

Ақ және көгілдір түсті жейде (блузка), күңгірт көк түсті

галстукпен.

Петлицалары және петлица белгілері бар бозғылт матадан тігілген көйлек.

Сұр түсті шарф.

Сұр түсті жүн қолғап.

Қыстық шевро етік.

Жабық шевро туфлиі.

"Эластик" колготкилері.

Жартылай жүн колготкилері.

Петлицалар, айырым белгілері (жұлдыздар), кокарда, түймелер.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 20 қыркүйектегі
N 1037 қаулысына
N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметі органдарының қызметкерлеріне формалы киімдер мен аяқ киімдерді тегін беру нормалары

! Өлшем бірлігі ! Саны ! Кию мерзі
! ! ! мі (жыл)

1 ! 2 ! 3 ! 4

Салық қызметінің мемлекеттік Бас кеңесшісі, салық қызметінің I, II, III дәрежелі мемлекеттік кеңесшілері үшін

Папаха	дана	1	5
Кубанка	>>	1	3
;Берет	>>	1	3
;Фуражка	>>	1	2

;Пилотка	>>	1	2
;Әйелдер телпегі	>>	1	2
;Маусымдық пальто	>>	1	4
;Плащ (жаздық пальто)	>>	1	3
;Куртка-бушлат	>>	1	3
;Костюм	жиын	1	2
Пиджак юбкасымен	>>	1	2
;Көйлек	дана	1	2
Жейде (блузка)	>>	4	1
;Галстук	>>	2	1
;Кашне, шарф	>>	2	2
;Қолғап	пар	1	2
Туфли	>>	1	1
;Қысқа етік, етік	>>	1	2
;Колготки	дана	3	1
Ұйық	>>	3	1
;Белдік	>>	1	1
;Кокарда	>>	2	2
;Түйме	>>	40	3
;			

Салық қызметінің I, II, III дәрежесі кеңесшілері,
салық қызметінің I, II, III дәрежелі инспекторлары үшін

Папаха	дана	1	5
Кубанка	>>	1	3
;Құлақшын (берет)	>>	1	3
;Фуражка	дана	1	2
Пилотка	>>	1	2
;Әйелдер телпегі	>>	1	2
;Маусымдық пальто	>>	1	4
;Плащ (жаздық пальто)	>>	1	3
;Куртка-бушлат	>>	1	3
;Костюм	жиын	1	2
Пиджак юбкасымен	>>	1	2
;Көйлек	дана	1	2
Жейде (блузка)	>>	4	1
;Галстук	>>	2	1
;Шарф	>>	1	2
;Қолғап	пар	1	2

Туфли	>>	1	1	
;Қысқа етік, етік	>>	1	2	
;Колготки	дана	3	1	
Ұйық	>>	3	1	
;Белдік	>>	1	1	
;Кокарда	>>	2	2	
;Петлица жұлдыздары	>>		30	3
;Түйме	>>	40	3	
;-----				

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 20 қыркүйектегі
N 1037 қаулысына
N 3 қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық
қызметі органдарының кластық шендер берілген
қызметкеріне арналған белгілердің
С и п а т т а м а с ы

Айырым белгілер жағадағы петлицалар және петлицадағы бес бұрышты
жұлдыздар болып табылады.

Петлицалар - көгілдік түсті қалың жүн немесе аралас матадан жасалған, ені
30 мм, ұзындығы 70 мм, жалпақтығы 2 мм көк шұғамен көмкерілген ұзынша
параллелепiped.

Жұлдыздардың көлемі мен саны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
салық қызметі қызметкерлерінің дербес класстық шеніне сәйкес болуы керек.

Салық қызметінің Мемлекеттік Бас кеңесшісі үшін:
петлицалар шұғадан жасалып, әрбір петлицада алтын жіппен кестеленген,
көлемі 25 мм жұлдыз салынады. Жұлдыз қырлары арасына әрбір жағынан үш
сәуле кестеленеді.

Салық қызметінің I, II, III дәрежелі мемлекеттік кеңесшілері үшін:
шұғадан жасалған петлицаларда алтын жіппен кестеленген, көлемі 20 мм
жұлдыз салынады. Салық қызметінің I, II, III дәрежелі кеңесшілерінің

петлицаларында тиісінше 3, 2, 1 жұлдыз болады.

Салық қызметінің I, II, III дәрежелі кеңесшілері үшін:
петлицалар шұғадан жасалып, оларға алтын түсті екі жолақ және көлемі 10 мм жұлдыз тағылады. Салық қызметінің I, II, III дәрежелі кеңесшілерінің петлицаларында тиісінше 3, 2, 1 жұлдыз болады.

Салық қызметінің I, II, III дәрежелі инспекторлары үшін:
жай петлицаларға алтын түсті бір жолақ және көлемі 10 мм жұлдыздар тағылады. Салық қызметінің I, II, III дәрежелі инспекторларының петлицаларында 3, 2, 1 жұлдыз болады.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 20 қыркүйектегі
N 1037 қаулысына
N 4 қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі органдары қызметкерлерінің формалы киімдер мен аяқ киімдерінің Ережелері

I. Жалпы қағидалар

1. Бұл ережелер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі органдары (бұдан былай - салық қызметі органдарының) қызметкерлерінің формалы киімдерді кию тәртібін белгілейді.

2. Салық қызметі органдары қызметкерлерінің өздеріне берілген кластық шендеріне сәйкес формалы киімдер киюге құқығы бар.

3. Салық қызметі органдарының қызметкерлері үшін әр қайсысы жазғы және қысқы болып бөлінетін салтанатты-біркиер және күнделікті киім формасы белгіленген.

4. Салық қызметінің бас мемлекеттік кеңесшісі және салық қызметінің I, II, III дәрежелі мемлекеттік кеңесшілері үшін салтанатты-біркиер формасы белгіленген.

5. Формалы киімдер мынадай жағдайда киіледі:

а) салтанатты-біркиер формасы - мемлекеттік наградалар алғанда, салтанатты мәжілістерде, ресми қабылдауларда, сондай-ақ мереке күндерінде киіледі. Мұнымен қатар салтанатты-біркиер киім формасын қызметтен бос кезде киюге р ұ қ с а т е т і л е д і ;

ә) күнделікті форма - қызметтік міндеттерін атқарғанда және қызметтен бос уақытта киіледі.

6. Қажет болған жағдайларда салық қызметі органдарының қызметкерлеріне жәй киім киюге рұқсат етіледі.

7. Киілетін формалы киімдер белгіленген үлгілер мен сипаттамаларға сәйкес, денеге мұқият шақталған болуы және барынша күтімді ұсталуы қажет.

8. Белгіленген үлгіге сәйкес келмейтін формалы киімдерді, аяқкиімдерді киюге және айырым белгілерін тағуға тиым салынады.

II. Бас мемлекеттік салық инспекторының, салық қызметінің I, II, III дәрежелі мемлекеттік кеңесшілерінің киім формалары

Салтанатты-біркиер киім формасы

(ерлерге)

Жазғы

Фуражка, плащ (пальто), бос жіберілетін шалбар мен пиджак, жейде, галстук, туфли, қолғап, кашне.

Қысқы

Папаха, пальто, бос жіберілетін шалбар мен пиджак, жейде, галстук, туфли, қолғап, кашне.

Салтанатты-біркиер киім

(әйелдерге)

Жазғы

Берет, плащ (пальто), юбкасымен пиджак, жейде (блузка), галстук, көйлек, колготки, туфли, қолғап, кашне.

Қысқы

Кубанка, пальто, юбкасымен пиджак, жейде (блузка), галстук, көйлек, колготки, туфли, қолғап, кашне.

Күнделікті киім формасы

(ерлерге)

Жазғы

Фуражка, пилотка, плащ (пальто), бос жіберілетін шалбар мен пиджак, жейде, галстук, туфли.

Қысқы

Папаха, пальто, куртка-бушлат, бос жіберілетін шалбар мен пиджак, жейде, галстук, қысқа етік, қолғап, шарф.

Күнделікті киім формасы

(әйелдерге)

Жазғы

Берет, пилотка, плащ (пальто), юбкасымен пиджак, жейде (блузка), галстук, көйлек, колготки, туфли.

Қысқы

Кубанка, пальто, куртка-бушлат, юбкасымен пиджак, жейде (блузка), галстук, көйлек, колготки, етік, қолғап, шарф.

III. Салық қызметінің I, II, III дәрежелі
кеңесшісінің және салық қызметінің I, II, III дәрежелі
инспекторының киім формалары

(ерлерге)

Жазғы

Фуражка, пилотка, плащ (пальто), бос жіберілетін шалбар мен пиджак, жейде, галстук, туфли.

Қысқы

Папаха, құлақшын, пальто, куртка-бушлат, бос жіберілетін шалбар мен пиджак, жейде, галстук, қысқа етік, қолғап, шарф.

Салық қызметінің I, II, III дәрежелі кеңесшісінің
және салық қызметінің I, II, III дәрежелі инспекторының
киім формалары

(әйелдерге)

Жазғы

Пилотка, телпек, плащ (пальто), юбкасымен пиджак, блузка (жейде), галстук, көйлек, колготки, туфли.

ҚЫСҚЫ

Кубанка, берет, пальто, куртка-бушлат, юбкасымен пиджак, блузка (жейде), галстук, көйлек, колготки, етік, қолғап, шарф.

IV. Формалы киім мен аяқкиімді кию тәртібі

1. Папаха, кубанка, құлақшын, берет, фуражка, пилотка және телпек төменгі жиегі қастың үстінен бір-екі елі биіктікте, күн қағар қастың деңгейінде киілуі керек. Кокарданың ортасы қастың ортасына келуі керек. Папаха, кубанка мен пилотка оң жаққа сәл қисайтыла, құлақшын, берет, фуражка қисайтылмай тік киіледі.

2. Пальто мен плащтың етегі еденнен 42-45 см биіктікте болады.

3. Пиджак толық түймеленеді.

4. Жейде, блузка (жейде) галстукпен пиджактың ішінде ғана киіледі.

5. Көйлек галстуксыз киіледі.

6. Аяқкиім әрқашан тазалануы керек.

7. Шарф пальтоның (плащтың) куртка-бушлаттың жағасының астынан ұқыпты бүктеліп тағылады.

8. Пальто, плащ, куртка-бушлат толық түймеленеді.

V. Айырым белгілері

Формалы киімдерге айырым белгілері тағылады. Айырым белгілері жағадағы петлицалар және оларға қадалатын бес бұрышты жұлдыздар болып табылады.